

РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астанақаласы,
Тәуелсіздікдаңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондықмекенжай: kense@mvd.gov.kz
20__ж. _____№_____

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

2024 жылғы 10 қазандағы
№ДЗ-333 сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалыңызды қарап, өз құзыретіміз шеңберінде мынаны хабарлаймыз.

Талғар қаласында орын алған Ш.Полаттың өліміне қатысты Алматы облысының Полиция департаменті Қылмыстық кодексінің 99-бабының 2-бөлігі (адам өлтіру), 293-бабының 3-бөлігі (бұзақылық), 115-бабы (қорқыту), 432-бабы (қылмысты жасырып қалу) және 434-бабымен (қылмыс туралы хабарламау) қылмыстық істер тіркеліп, тергелуде.

Тергеу барысы менің жеке бақылауымда, оқиға орнында министрліктің орталық аппаратының қызметкерлеріде жұмыс істеуде.

Алғашқыда оқиғаның себебіне қатысты әлеуметтік желілерде шындыққа жанаспайтын әртүрлі мәліметтердің көп таралуына байланысты министрлік белгіленген тәртіпте (Қылмыстық процесстік кодексінің 201-бабының талаптарына сай) ағымдағы жылдың 15 қазанында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен брифинг өткізіп, кейбір тергеу мәліметтерін жария етті.

Брифинг қоғамды алаңдатқан кейбір мәселелерді қамтыды.

Қазіргі таңда қасақана кісі өлтіруге қатысты күдікпен 8 адам және қылмыс туралы хабарламау бойынша 3 адам соттың санкциясымен қамауға алынды.

Тергеу жалғасуда, оның барысында оқиға болған жерде болған басқада адамдардың қатыстылығы тексеріліп, әрекеттеріне құқықтық баға берілетін болады.

Жалпы қазір еліміздегі криминогендік ахуал тұрақты, ішкі істер органдары Мемлекет Басшысының еліміздегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысты тапсырмаларын орындау аясында мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, кешенді шаралар атқаруда.

Құрметпен,

Министр

орын: М.Бісқақбаев

☎ 71-44-13

m.iskakbaev@mvd.gov.kz

Е. Саденов